



# Тәрбие сағаты



«ЖИТС - ғасыр дерті»



# АИТВ/ЖИТС ТУРАЛЫ

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) — бұл АИТВ-инфекциясының вирусын тудыратын өте ұсақ вирус. Адам ағзасына вирустың (АИТВ) енуі ағзаны ісікті жасушалар мен патогендерді теңестіріп және жоя отырып адам ағзасын аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін иммун жүйесінің бұзылуына және әлсіреуіне әкеліп соқтырады.

АИТВ адам ағзасына түсе отырып, иммундық жүйенің жасушаларын зақымдайды, нәтижесінде оның қызметі қысымға тап болады да ЖИТС — жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы дами бастайды. Науқастың ағзасы инфекциялар мен ісіктерден қорғану мүмкіндігін жоғалтады, қалыпты иммундық жүйесі бар адамдарға тән болмайтын екіншілік оппортунистік аурулар пайда болады.



# АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫ ҚАЛАЙ БІЛНЕДІ?


- Иммуно тапшылығы вирусы шамамен 3-6 апта ұзақтыққа созылатын инкубациялық кезеңге ие. Бұл уақыт өткеннен кейін 50-70% жағдайда келесідей белгілермен жүретін өткір мазасыздық фазасы басталады:
- дене қызуының көтерілуі (көбінесе кемінде 37,5°C)
- тамақтағы ауыру
- буындардағы, бұлшықеттердегі ауыру
- бас ауыруы
- ұйқышылдық, жалпы әлсіздену, тәбеттің қашуы
- лимфа түйіндерінің үлкеюі
- жүрек айну, іш өту, құсу
- тері бөртпелері, шырыштардың зақымдалуы
- ұйыма менингит (өте сирек)
- Айрықшаланбайтын және 1-2 аптада (өткір мазасыздық фазасы қанша уақыт болатындығы науқастың иммун жағдайына байланысты болады) өтіп кететін АИТВ-инфекциясының алғашқы белгілері мен қарапайым суық тиюді шатастырып алу оңай.





# ЖИТС-ТІҢ ПАЙДА БОЛУ БЕЛГІЛЕРІ

- Ереже бойынша, жұқтырудан соң 1-3 ай өткеннен кейін ағзада АИТВ-ға антиденелер түзіледі, нәтижесінде ауру белгілерсіз болады. Кейде бұл кезең 10 жылға дейін созылуы мүмкін, ал кейбір науқастарда бұл фаза тіптен болмайды.
- Көп жағдайда ЖИТС-тың бірінші белгілері өкпенің зақымдалуымен, Капош саркомының дамуымен, тері мен шырышты қабықтардың саңырауқұлақты зақымдалуымен, кандидоздармен, пневмоцистік пневмониямен және ұзақ мазасыдықпен білінеді.
- 10% жағдайда АИТВ-инфекциясы бірден өтеді де, сәйкесінше, ЖИТС тез байқалады — ереже бойынша, жұқтырғаннан кейін бірнеше аптадан соң науқастың жағдайы жылдам нашарлай түседі.



# АИВ ПЕН ЖИТС-ТІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

- жыныстық — гетеросексуальды және гомосексуальды қатынастар кезінде
- парентеральды — қанмен және оның құрауыштарымен шырышты қабықтың, терінің тұтастығы бұзылған жағдайда
- перинатальды — анадан балаға — босануға дейін, босану кезінде және босанудан кейінгі кезеңдерде



## ❑ Вирустың қан арқылы берілуі (парентеральді жол)

- ❑ Егер жұқтырылған адам қанының жұғындысы бар аспаппен тері қабаты тұтастығын пісіп алған жағдайда жұғады. Ол инені, шприцтерді, сақал қырғышты қолдану кезінде, таңба енгізу барысында болуы мүмкін. Кез — келген стерилизациядан өткізбеген піскіш аспаптарды қолданған жағдайда, олар жұқтыру құралы болуы мүмкін. Жұқтырудың бұл жолы инъекциялық есірткіні тұтынушылар (ИЕТ) үшін және кем дегенде бір рет есірткіні тамыр арқылы «лас» шприцпен енгізген жағдайда жұқтырудың жетекші жолы болып табылады. Сол сияқты ИЕТ ретсіз жыныстық қатынастарға түсе береді, есірткі қабылдайтын көп қыздар коммерциялық секс жұмыскерлері (СЖ) болып табылады. Одан басқа, ИЕТ сақтану құралдарын-презервативті құптамайды. Осының барлығы ЖИТС-ты жұқтыру мүмкіндігін күшейтеді және тұрғындардың басқа да бөліктерінің арасында АИТВ-ның таралуын күшейтеді.

❑ .







- **Вирустың анадан балаға берілуі (перинатальды жол)**
- Вирустың берілуі анадан балаға жүктілік, босану (ана қаны арқылы жұғу) және көкіректен тамақтандыру кезінде (жұқтырған анадан дені сау балаға көкірек сүті арқылы да, жұқтырған баладан дені сау анаға көкірегін тістеу кезінде де) орын алады.
- Негізінен жүкті әйелдер есірткіні еккеннен кейін, жиі жыныстық жолмен және көп жағдайда жүктілік басталғанша жұқтыруы мүмкін





# АИТВ ҚАЛАЙ БЕРІЛМЕЙДІ?

- қол алысқанда
- жөтелгенде, түшкіргенде
- бассейн, монша, әжетханаға барғанда
- жәндіктер шағып алғанда
- достық сүйісулер арқылы
- ыдыс, киім, төсек әбзелдері арқылы
- үй жануарларымен қарым-қатынаста
- азық-түлік арқылы




## АЛДЫН — АЛУ ШАРАЛАРЫ

- Бүгінгі таңда АИТВ-жұқпасымен күресу — аса қауіпті аурумен күресудің пәрменді шараларының бірі. Әлем ғалымдары АИТВ-жұқпасына қарсы тиімді дәріні тез арада жасап шығару үшін қолдарынан келген мүмкіндіктерді жасауда. Бұл салада біршама жетістіктер бар, бірақ ауруға қарсы нақты екпе табылған жоқ. Сол себепті АИТВ-ның алдын алу—инфекциядан сақтанудың ең тиімді және кепілдендірілген жолы және оның нәтижесі әрбір адамның мінез-құлқына байланысты болады.
- АИТВ-ның алдын алу жолындағы ең маңызды бағыттардың бірі — АИТВ-жұқпасының тігінен берілу жолының алдын алу, яғни адамның иммун тапшылығы вирусын тасымалдаушы болып табылатын жүкті әйелдерге профилактикалық курстардан өту. Бұл терапия жатыр ішінде балаға жұқтыру қаупін мүмкіндігінше төмендетуге бағытталады. Табиғи босану жолдарын алмастырушы ішті жарып алу әдісі, жұқтырылған анадан туылған нәрестені жасанды тамақтандыру — бұлардың барлығы АИТВ-ның алдын алу жолдарының әдістері.



# ЖИТС - инфекциясының таралу деңгейі

пайызбен







НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ.

